

"Почта байланысы қызметтерін көрсету қағидаларын және Почта жөнелтімдеріне почта мөртабанын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 72 қаулысына өзгеріс енгізу және " Почта арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 шілдедегі № 798 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 ақпандағы № 74 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 43 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 10.02.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Почта байланысы қызметтерін көрсету қағидаларын және Почта жөнелтімдеріне почта мөртабанын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 72 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 24, 339-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Почта туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8 -бабы 1-тармағының 5) және 7) тармақшаларына және "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. "Почта арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 шілдедегі № 798 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 22, 245-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

